

Алматы, 2014



НАБУЖКАН МҮҚАМЕТХАНЫҒЫ  
ІЗДЕРІСІ  
ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЗАМАНА



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Қазіргі заманғы Қытайды зерттеу орталығы

ӘОЖ 327  
КБЖ 66.4  
К 22

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Халықаралық қатынастар факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Қазіргі заманғы Қытайды зерттеу орталығының шешімімен ұсынылды

Шкір жазғандар:  
**Клара Макашева** –  
тарих ғылымдарының докторы, профессор  
**Дәулетбек Раев**  
философия ғылымдарының докторы, профессор

**И. Мұқаметханұлы**

К 22 **Түсініс: тарих және замана** /Мақалалар/ -Алматы: «Мерей»  
баспасы, 2014, 248 бет.

ISBN 978-601-7478-03-2

*И. Мұқаметханұлының оқырмандарға ұсынған бұл еңбегінде автордың қазақ тарихында маңызды рөл атқарған саяси, мәдени және ғылыми тұлғалар жөніндегі бағасы, қазіргі заманғы Қытайдың әлемдік қатынастары және Қазақстанмен ынтымақтастығының өзекті мәселелері туралы талдаулары, Елбасының ораамандар саясатының маңыздылығы мен қомақты нәтижелерін анықтаулары, соңғы жылдары баспадан жарық көрген қызықты еңбектерге берген бағалары, ой-толғамдары қамтылған. Әрбір мақалаға сипірілген зерттеуінің терең ойлары мен биік ғылыми найымдарының теориялық та, тәжірибелік те құндылығы жоғары.*

*Кітап гуманитарлық ғылымдар мамандарына, дипломаттарға, қатысты атқарушы органдарға, жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары мен докторанттарына және оқытушыларына арналған.*

ӘОЖ 327  
КБЖ 66.4

© Нәбижан М.  
© «Мерей» баспасы, 2014

ISBN 978-601-7478-03-2

*Бұл еңбегімді рухани және ресми ұстаздарым:  
Нығымет Мыңжани, Манаш Қозыбаев және  
Хасан Оралтайдың рухына бағыштаймын;  
Автор*

## АВТОРДАН

Құрметті оқырмандар, сіздерге ұсынып отырған «Ізденіс: тарих және замана» атты бұл еңбегім менің ғылыми зерттеумен інуі ылданған отыз жылдан астам уақыттан бергі мерзімді басылымдарда жарияланған, республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларда жасалған баяндамаларымның арасынан сұрыптап алынған, қазірге дейін жеке жинақтарға енгізілген біршама құнды мақалалардан құрастырылды. Негізгі мағұмыны төрт саланы қамтиды: бірінші бөлімі - тұлғатану саласы бойынша ХVІІІ ғасырдан қазірге дейінгі ұлттық тарихымызда маңызды рөл атқарған саяси, мәдени-ғылыми тұлғалар жөнінде жазылған мақалалар; екінші бөлімі - қытайтану көлеміндегі зерттеулер; үшінші бөлімі - ораамандар және ұлттық біртұтастық мәселесі бойынша жазылған дүниелер; төртінші бөлімі - елімізде жарық көрген құнды кітаптар туралы рецензия - ой пікірлер.

Жинаққа енген еңбектердің ішінде жарияланғанына отыз жылдан асқан мақалалар бар, мысалы, алғаш қытай тілінде жарияланған «Абайдың әлеуметтік идеясы». Бұл еңбек әлі де өзінің ғылыми құндылығын сақтап отырғандығы анық байқалады. Сол сияқты соңғы жылдары жазылған мақалалардың арасынан ғылыми-танымдық және тәжірибелік құндылығы бар-ау деген дүниелер ұсынылды.

Жинақ мерейтойға арнап дайындалғандықтан автордың ғылыми зерттеу ізденістері барысындағы ұстанымдары, көзқарастары, қолданған зерттеу методологиясы мен шығарған қорытынды тұжырымдарынан оқырмандар шынайы мағұмат аласын деген оймен, мақалалардың өз кезінде жарияланған нұсқасы сақталды, тек ғана ішін-ара техникалық, стилистикалық өзгерістер жүргізілді. Әрбір еңбектің алғашқы жарияланған басылымдарын көрсеттік.

Автор, 12.04.2014ж